

ЖШС «Нұр-Арай» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:



Әдістемелік кеңес хаттамалары

2022-2023 оқу жылы

**Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №1**

Уақыты: 09.09. 2022жыл

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы: А.Т.Сарсенбаева

Хатшы: М.Бейсенбаева

Қатысқаны:4

Қатыспағаны:-

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
 - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
 - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
 - портфолио жинақтау;
 - вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту
3. Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.
4. «Балауса» кіші тобындағы балалардың бейімделуі.
5. Ағымдағы мәселелер.

Менгеруші:

А.Т.Сарсенбаева/

Тыңдалды: Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:

- перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
- өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
- портфолио жинақтау;
- вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.

Сөйледі: әдіскер биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттерді орындауды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың моделін, үлгілік оқу бағдарламасын, 2022-2023 оқу жылына арналған ӘНХ таныстырды.

.Шешім:

1. Перспективалық жоспар, циклограмма 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
2. Әр педагог өз білімін көтеру тақырыбы аясында жан-жақты жұмыстарды жүргізуді жандандырсын.
3. Шығармашылық жобалар жұмысы жүйеленсін.

2. Тыңдалды: Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

Сөйледі: Менгеруші А.Т.Сарсенбаева оқу жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында әдістемелік тақырып таңдау керектігі туралы айтты. Педагогикалық тақырыптың өзекті мәселеге байланысты болуы, өзекті мәселенің оқу жылына қойылатын мақсат-міндеттеріне байланысты және әр педагогтың біліктілік дағдыларына қатысты болуы керек дегенді айтты. Қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту педагогтар тарапынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан

педагогтардың әрбір іс-әрекетті жаңаша түрде, дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін өту дағдыларын жетілдіруді талап етеді. Қазіргі заман талабына сай тәрбиеленушілерге жаңа технологияларды тиімді пайдалана отырып, білім мен тәрбие беруді ойластыру қажет. Сондықтан педагогтардың ізденіп, жаңаша жұмыс жасауларын қадағалап, бақылауға алу және оны әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарына енгізу қажет.

Шешім: Әдістемелік бірлестіктің жұмысын жүйелеу.

3.Тыңдалды: Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі.

Сөйледі: Менгеруші А.Т.Сарсенбаева өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – мұғалімнің кәсіби өсуінің факторларының бірі. Өзара сабаққа қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі. Ғаламдану заманында, әсіресе білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңарулар дәуірінде педагог алдында тұрған мақсаттар мен міндеттердің салмағы орасан зор болып отыр. Педагог информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Педагогика, технология әлеміндегі жаңалықтарға үңілу, оны зерделей, зерттей отырып іс — тәжірибеге пайдалану, өзінің технологиясын қалыптастыру — заман талабы, заман ағымына ілесу де оңай емес. Кәсіби біліктілігі жоғары өзіндік позициялы, бағалы бейімділігі бар сапалы оқушы даярлау — бүгінгі өмір талабы. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде: «Жаңа формацияға жаңа педагог қажет»- деп атап көрсетті. Жаңа формацияның жаңа педагогын қалыптастыру үшін жаңа кәсіби мазмұн, жаңа кәсіби даярлық технологиясы қажет, әрі даярлық сапасын арттыруға бірден — бір қызмет етуі керек. Мұғалім білімін, қабілетін, сенімін, ішкі мүмкіншіліктерін интеллектуалдық, психологиялық сапасын үнемі толықтырып, жаңартып отыру керек. Біліктілікті арттыру арқылы сіз өз біліміңіз жетілдіруді қамтамасыз ете аласыз. Әр педагог-тәрбиеші аптасына кем дегенде 3-4 ұйымдастырылған оқу қызметіне кіру керек. Әріптестеріңіздің әдіс-тәсілдерін үйрену арқылы өз-өзіңіздің тәжірибеңізді арттырасыз, көріп үйренесіз,-деді.

Шешім: Өзара ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу бақылауға алынсын.

4. Тыңдалды: «Балауса» кіші тобындағы балалардың бейімделуі.

Сөйледі: тәрбиеші М.Бейсенбаева қазіргі психологиялық - педогогикалық теорияда мектеп жасына дейінгі баланың жағымды эмоцияларын дамыту тек кәсіби мамандыққа ғана байланысты емес ол, тәрбиешінің жеке дербес қасиеттеріне де байланысты деп тұжырымдаған. Мектепке дейінгі ерте жас шамасындағы балаларға ерекше қарым - қатынастар талап етіледі Олар өте мейірімді, нәзік, өте сенгіш келеді. Сондықтан бұл жас шамасындағы балдырғандарды қамқорлыққа алу, жараламай тәрбиелеу өте маңызды.

Топта балаларға жақсы және жайлы болу қажет.

Ерте жас шамасындағы сәбиді тәрбиелеуде ешкім де анасын алмастыра алмайтыны туралы ұмытпау керек. Сондықтан, ұстаз-психолог оларды ананың тұлғасындай жұмыс істей білу керек. Мысалы, шығармашылық жұмыстарды сәбимен бірге анасына көрсету үшін істеу. Ата-ананың сенімділігі арта түсіп балаға деген анасынан басқа да сүйіспеншіліктер оятады. Сәбидің эмоционалды көңіл-күйі саласының психологиялық диагностика әдістері өте көп. Бірақ бұл әдістердің барлығын пайдалану мүмкіншілігі бола бермейді.

Біріншіден, тәрбиешілер тестеудің нәтижелерін дұрыс түсіндіріп беру үшін жеткілікті психологиялық дайындықта болу қажет. Екіншіден, тәрбиешіге тестің нәтижелері жиі үрейлі немесе қияңқы балалардың тобы көрсеткішінде жеке балаға деген қарым-қатынаста әрекетсіздікке әкеп соғады. 1 - ден 3 жасқа дейінгі баланың эмоционалды көңіл - күйінің дұрыс дамыту үшін оның жетістігін дәлелдеп, үнемі мадақтау маңызды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың бойында неғұрлым көбірек психологиялық көмек көрсетіп, ойындар ұйымдастыру арқылы олардың сеніміне кіріп кері әсерден арылуға көп

мүмкіншілік жасау қажет. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық күйінде көрінетін жағымды және агрессия түрлерін ашып көрсетіп олармен жұмыс жасау мақсатын алға қойсақ дегім келеді-деді.

5.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Меңгеруші А.Т.Сарсенбаева алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қыркүйек айында білім күніне орай өтетін тақырыптық тәрбиелік шаралар ұйымдастырылсын және ата-аналарға мәліметтер берілсін. Қарттар күніне орай сурет көресі мен «Атадан балаға мұра» тақырыбында аталар сайысы ұйымдастырылады. Ұйымдастырылып, өткізілуіне жетекшісі Ж.Минапова мен меңгеруші А.Т.Сарсенбаева жауапты. Денсаулық күніне орай «Әкем, анам және мен» спорттық жарыс жоспары жасалынып, бекітілсін. Қазан айында «Алтын күз» мерекесіне музыка жетекшісі сценарилерін дайындап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



А.Т.Сарсенбаева
М.Бейсенбаева

№2 Әдістемелік кеңес

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру

Түрі: Іскерлік ойын

№	Іс-шаралар мазмұны	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы	Есеп беру	Ақпан	Меңгеруші
2	Коммуникативті ойын «Сіз менің жақсы көретінімді әлі білмейсіз» (2-3 мин)	Тренинг		тәрбиеші
3	«Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытуда ойынның әсері» ойын жаттығуы	Презентация		тәрбиеші
4	«Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік - коммуникативтік дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша анықтама.	Анықтама		Меңгеруші
5	«Миға шабуыл» іскерлік ойыны (практикалық бөлім: топтардағы жұмыс)	Перезентация		
6	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік – коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогтің өзін-өзі бағалауы» сауалнамасының нәтижелері бойынша анықтама	Анықтама		
7	Ағымдағы мәселелер.			

Әдістемелік кеңес отырысының Х А Т Т А М А С Ы №2

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру»

Өткізу формасы: іскерлік ойын

Күні: 15.02.2023 жыл

Әдістемелік кеңес төрайымы:

А.Т.Сарсенбаева –меңгеруші

Хатшы:

М.Бейсенбаева- тәрбиеші **Қатысқаны:4**

Қатыспағаны:-

Күн тәртібінде:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Коммуникативті ойын «Сіз менің не жақсы көретінімді әлі білмейсіз» (2-3 мин)
3. «Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытуда ойынның әсері» ойын жаттығуы
4. «Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік - коммуникативтік дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша анықтама.
5. «Миға шабуыл» іскерлік ойыны (практикалық бөлім: топтардағы жұмыс)
6. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік – коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогтің өзін-өзі бағалауы» сауалнамасының нәтижелері бойынша анықтама
7. «Балалардың эмоциясы мен коммуникативті қасиеттерін дамытуға арналған дидактикалық ойындар картотека жиынтығы» сайысының қорытындысы
8. Ағымдағы мәселелер

І ТЫНДАЛДЫ: №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші А.Т.Сарсенбаева биылғы оқу жылында Білім беру ұйымдары өз қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алып жұмыс жасауда. Перспективалық жоспар, циклограмма әр аптай сайын жазылып перспективалық жоспардағы міндеттер басшылыққа алынып, циклограммада іске асырылуда. Қазақстан республикасы оқу-ағарту министрлігі жанындағы балаларды ерте дамыту институты дайындаған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары негізінде балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындау мақсатындаралық мониторинг жасалынды. Excel форматта берілген қосымшалармен мониторингті жүргізу, мониторингті автоматты түрде жылдам есептеуге мүмкіндік берді. Тәрбиешілер 4 қосымшаға сәйкес аралық мониторингті жасаса, әдіскер 1 қосымшаға сәйкес бөбекжайға жалпылама мониторинг жасады. Тәрбиешілер мониторинг жасауды тез меңгеріп алды. Әлі де педагогтардың өз білімін көтеру тақырыбы аясында жұмыстары жеткіліксіз деңгейде жүргізілуде. Бөбекжайда 4 педагог болды.

Шешім: өткен әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

ІІ ТЫНДАЛДЫ: Коммуникативті ойын «Сіз менің не жақсы көретінімді әлі білмейсіз» (2-3 мин)

СӨЙЛЕДІ: Меңгеруші А.Т.Сарсенбаева педагогтармен «Сіз менің жақсы көретінімді әлі білмейсіз» коммуникативті ойынын өткізді. Ойын барысында көпшілік білмейтін өзі туралы қандай да бір фактты жеткізе білуге тырысты. Сол арқылы ұжым арасында тығыз қарым-қатынас орнатуға тырысты.

Шешім: ойын қанағаттанарлық деңгейде өтті.

III ТЫҢДАЛДЫ: «Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытуда ойынның әсері» ойын жаттығуы

СӨЙЛЕДІ: Тәрбиеші Ж.Минапова мектепке дейінгі жаста бала құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауға, мектепте сәтті оқуға, әдебиетті, теледидар мен радио хабарларын түсінуге мүмкіндік беретін сөздікті меңгеруі керек, сондықтан мектепке дейінгі педагогика балалардағы сөздіктің дамуын сөйлеуді дамытудың маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастырады.

Балалармен сөздікті қалыптастыру, байыту және белсендіру жұмыстарын жүргізе отырып, мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі тәрбиешілер дидактикалық ойындарды кеңінен қолданады, деп балалардың сөздік қорын дамытатын ойын түрлеріне тоқталып, соңында педагогтармен ойын өткізді.

Шешім: балалардың сөздік қорын дамыту жұмыстары бақылауға алынсын.

IV ТЫҢДАЛДЫ: «Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік - коммуникативтік дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша анықтама.

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші А.Т.Сарсенбаева сөз алды.Тексеру барысында балалармен әлеуметтік дағдыларды дамыту бойынша жеке жұмыстың перспективалық жоспарлары және циклограмма талданды. Әлеуметтік-коммуникативтік даму міндеттерін шешу бойынша негізгі білім беру бағдарламасын іске асыру барысында балалардың әлеуметтік құзыреттілігін тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлінбейді.

«Ересек», «Ортанғы» топтарында дидактикалық ойындар мен коммуникативті дағдыларды дамытуға арналған жаттығулар жеткіліксіз жоспарланған. "Балауса" ортаңғы тобында таңертең коммуникативті дамуға арналған ойындар аз жоспарланған.

Топтарда балалармен достық қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша жеке әңгімелер өткізіледі, тәрбиешілер бір-бірін ренжітпей, ойыншықтарды таңдамай ойнау қабілетін қалыптастырады, бірақ ойын жағдайларын сирек қолданады. Тәрбиешілер балалардың ойыншықтармен бөлісуге, ортақ ғимараттар жасауға, балаларды бірлескен сюжеттік әрекеттерге шақыруға шақырады. Өмір қауіпсіздігі туралы қарапайым білімді қалыптастыру бойынша жеке жұмыс жүргізіледі (балабақшадағы, үйдегі, көшедегі мінез-құлық), бұл күнтізбелік жоспарлауда және қауіпсіздік журналында көрсетілген.

Әлеуметтік-коммуникативті дамудың міндеттері еңбек қызметін ұйымдастыру процесінде де шешіледі: балалардың кезекшілігін ұйымдастыру, тәрбиешіге дидактикалық ойындарға арналған кітаптар мен қораптарды жөндеуге көмек көрсету, табиғат бұрышында жұмыс істеу - жабық өсімдіктерге күтім жасау, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, еркін балалар іс-әрекетін дамыту. Топтарда кезекшілік орталықтары жабдықталған. Әрбір жас тобында кезекшілікті ұйымдастыру білім алушылардың жасына және мүмкіндіктеріне сәйкес келеді. Барлық жас топтарында кезекшілік кіші топтар бойынша ұйымдастырылады, кезекшілік белгіленеді (аптасына бір күн).

«Ортанғы» тобында балалар оқу жылының екінші жартысынан бастап асханада кезекшілік ете бастады. «Балапан» ортаңғы тобында жылдың бірінші жартысында бүкіл Ересек топтағы асхана кезекшілігі басталды. Тәрбиешілер жұмыс көлемін қиындатады (үстелді толық орнату). Жылдың екінші жартысынан бастап балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке материалдарды дайындау бойынша кезекшілікке үйрете бастайды, сондықтан үш бала асханада кезекшілік етеді (жұмыс көлемі артады-әр бала екі үстелді дайындайды) және үшеуі ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша. Келесі аптада кезекшілерге арналған еңбек түрі өзгереді және т. б.

Алайда кезекшілікті жүргізу барлық уақытта жүргізілмейді, кейбір балалар кезекшіліктің міндетін білмейді.

«Нұр-Арай» бөбекжай-бақшасында»мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде; білім беру-тәрбие процесінде мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес білім беру салаларының интеграциясы байқалады;топтарда әлеуметтік-коммуникативті дамуға ықпал ететін негізгі түрлер ретінде қарым-қатынас пен ойын қызметін дамыту үшін жағдайлар жасалған. Анықталған ескертулерді көрсетілген мерзімде түзету ұсынылды деп ұсыныстарға тоқталып өтті.

Шешім: «Әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту» бағытын іске асыру жөніндегі бөбекжайжұмысын қанағаттанарлық.

V ТЫҢДАЛДЫ: «Миға шабуыл» іскерлік ойыны (практикалық бөлім: топтардағы жұмыс)

Бесінші мәселе бойынша меңгеруші А.Т.Сарсенбаева «Ми шабуылы» іскерлік ойыны өткізді. Ол арқылы практикалық бөлім ұйымдастырылды: әлеуметтік-коммуникативтік даму мәселелері бойынша кіші топтардағы педагогтердің жұмысы талқыланды. Ойын шартына сәйкес тәрбиешілер белсенді қатысып, бала тәрбиесіне қатысты өздерінің ойларын ашық айтты.

Шешім:ойын қанағаттанарлық деңгейде өтті.

VI ТЫҢДАЛДЫ: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік – коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогтің өзін-өзі бағалауы» сауалнамасының нәтижелері бойынша анықтама

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші А.Т.Сарсенбаева әдістемелік кеңес жоспарына сәйкес бөбекжай тәрбиеленушілерінен «Мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогтің өзін-өзі бағалауы» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 4 педагог қатысты. Педагогтар топтарда тәрбиеленушілердің әлеуметтік – коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тұрақты қызметті жүзеге асырады, эмоционалды өзара әрекеттесуді ескере отырып, балалардың жас ерекшеліктері, қызығушылықтары мен бастамалары ескеріліп заттық-дамытушы орта жан-жақты құрылған. Топ тәрбиеленушілерінің жүйелі жан жақты әлеуметтік дамуы байқалады. Топтарда балаларға өз ойларын еркін білдіруге және өз тілектерін көрсетуге мүмкіндік беретін атмосфера құрылған. Балалардың коммуникативті қабілеттерін ескере отырып дамыту жүйесі қарастырылған, қажеттіліктер, мүмкіндіктер, жас ерекшеліктері, қызығушылықтар мен бастамалар басым, - деді..

Шешім: сауалнамаға барлық педагогтар блсенді қатысты.

VII ТЫҢДАЛДЫ:Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші А.Т.Сарсенбаева сөз алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді,-деді.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



А.Т.Сарсенбаева
М.Бейсенбаева

ЖШС «Нұр-Арай» бөбекжай балабақшасы

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: 15 мамыр 2023жыл

Төрайымы: А.Т.Сарсенбаева

Хатшысы: М.Бейсенбаева

Барлық педагогтар саны: 4

Қатысқан педагогтар саны: 4

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі. Меңгеруші: А.Т.Сарсенбаева

ТЫҢДАЛДЫ:

Президентіміз Қасым Жомарт Тоқаев биылғы жылы патриоттық тәрбие мәртебесін көтеруді қолға алып отыр. Сондықтан, біз «Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу» биылғы оқу жылында негізгі міндеттің бірі ретінде алып отырғанымызды айтылды. Біз балаларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу арқылы Отанына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, оған адал қызмет жасауға, оны қорғауға баулу; туған ел тарихы және өз халқы мен басқа да ұлыстардың мәдени мұрасын, салттары мен дәстүрлерін қастерлеу қатынасын қалыптастырамыз.

Сонымен қатар, жан - жақты дамыған, өз елінің патриоты болатын азаматты қалыптастыру мектепке дейінгі жастан басталатынын, осы жаста қалыптасқан еңбексүйгіштік, қайырымдылық, адамгершілік сияқты т.б. сезімдер рухани - патриоттық тәрбиенің негізін қалайтынын айтты. Баланың жеке тұлға болып дамуына негіз болатын азаматтық патриоттық тәрбие беру – балабақша жұмысының негізгі бағыттарының бірі деп айтуға

болады. Ол үшін біз балалармен күнделікті төмендегідей әр түрлі іс-әрекеттерді өткізіп отыруымыз қажет, мысалы:

- отанды қорғауға бағытталаған ойындар;
- тақырыптық ертеңгіліктер;
- видеослайдтар қарау;
- баланың тілінің дамуын белсендіретін әңгімелер;
- бейнелеу, музыка әрекеттерінде (марштық композициялар, сапқа тұру, балалардың музыка мен қозғалыс ырғағын бере білу дағдылары т.б.).

ШЕШІМІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру жандандырылсын.

Жиналыс төрайымы
Хатшы:



А.Т.Сарсенбаева
М.Бейсенбаева